


«Тексерілді»
« № 19 «Назерке» бөбекжайы»
Жедел басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері:
Сарыева Ж.А. 

***«Жемқорлық-қоғам дерті»
тақырыптық сағат***

Тәрбиеші : Назарова Т.

2025 ЖЫЛ

Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық қоғамдағы ең қауіпті құбылыстардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес». Сыбайлас жемқорлықты мемлекет пен қоғам үшін келтіретін экономикалық залал ретінде бағалау қабылданған. Ол тек қана экономика мен әлеуметтік қатынастарға, қоғамның құндылықтық және моральдық-адамгершілік негізіне зиян келтіріп қана қоймайды, сонымен бірге мемлекеттік аппараттың тиімді қызмет етуіне және елімізде жүргізіліп жатқан тұрақтылық және қауіпсіздік саясатына да әсер етеді. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы, адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен өмір сүруі қоғамдық және шаруашылық қызметтегі басқару функциясының жекеленуі сәтінен бастап мүмкін болады. Өйткені нақ осы жағдайда лауазымды басшыда (басқарушыда) қоғам мемлекет мүддесі үшін емес, жеке бас үшін ресурстарды пайдалану және шешім қабылдау мүмкіндігі пайда болады. А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы.

Сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелері, оның пайда болуы, онымен күрес жүргізудің қылмыстық-құқықтық құралдары қызу пікір таластарын туғызу үстінде. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-

әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады.

Елдегі бүгінгі таңда қалыптасқан жағдайға орай мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмысын қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі сол - мұндай қоғамды қауіпті іс-әрекет орын алған кезде мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының беделіне зор нұқсан келтіру, нәтижесінде олардың әлсіреуіне әкеп соғады. Сыбайлас жемқорлық қылмысы әлемнің барлық елдерінде орын алып отырған әлеуметтік және экономикалық, саяси халықаралық проблемаға айналды. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі ел экономикасы өсіп өркендеуде өмірді жаңа реформаға көшу жолында халқымыздың әл-ауқаты артып, табысты саяси реформалар жүргізілді. Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтарымен бостандықтарын қорғауда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тиімділігін арттыруында бірнеше нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылы, Қазақстан Республикасының 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2014 жылы сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Бұл тізілім, әрине, дауасыз дертпен күресте дәрменсіз болып қалмақ. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді түрде коррупциогенді нормалар қабылдау қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің көптеген әдістері бар. Біріншіден, заңды қатайтып және оның орындалуын қатаң қадағалау, сол арқылы жазалау қаупін күшейту. Екіншіден, лауазымды адамдарға ережелер мен заңдарды бұзбай өздерінің кірістерін көбейтуге мүмкіндік беретін экономикалық механизмдерді туғызу. Үшіншіден, нарық пен бәсекелестіктің рөлін күшейту, сол арқылы сыбайлас жемқорлықтан түсетін ықтимал пайданының көлемін азайту.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу - жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.